

Қаржы нарығына шолу

2021 жылғы IV тоқсан

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қаржы нарығына шолуда нарық қатысушыларына өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толығырақ мәліметін беру мақсатында қаржы нарығындағы негізгі үрдістер ашып көрсетіледі.

Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында тоқсанына бір рет электрондық нұсқада жарияланады.

МАЗМҰНЫ

I. СЫРТҚЫ НАРЫҚ **5**

II. АҚША НАРЫҒЫ **9**

А) Ұлттық Банк операциялары 10
Б) Репо овернайт нарығының құрылымы 11

III. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ **13**

А) Ішкі валюта нарығындағы жалпы ахуал 13
Б) Биржалық валюта нарығындағы операциялар 13
В) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар 14
Г) Жеткізілмейтін валюта форвардтарының нарығы 15
Д) Қолма-қол шетел валютасы нарығы 15

IV. ҚОР НАРЫҒЫ 16

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар 16
Б) Корпоративтік облигациялар нарығы 17
В) Акциялар нарығы 18

V. ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ **20**

А) Депозиттік операциялар 20
Б) Депозиттік мөлшерлемелер 20
В) Депозиттерді долларландыру 21

VI. КРЕДИТ НАРЫҒЫ **22**

А) Кредиттік мөлшерлемелер 22
Б) Жаңа кредиттер беру 22
В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттер портфелі 23

I-БОКС. ЖЕКЕЛЕГЕН ДАМУШЫ ЕЛДЕРДІҢ ВАЛЮТАЛАРЫНА ШОЛУ **7**

КІРІСПЕ

Жаһандық инфляция соңғы айларда рекордтарды бірнеше рет жаңартты және әлі де жеделдеу үстінде. Орталық банктер ақша-кредит саясатын қатаңдатуды жалғастырды. АҚШ-та монетарлық ынталандырулардың неғұрлым агрессивті түрде тежелуін күту, дамыған елдерге капиталдың жаһандық әкетілуін күшейту және геосаяси тәуекелдердің өсуі 2021 жылғы қазан - желтоқсанда Қазақстанның қаржы нарығы үшін негізгі сыртқы факторларға айналды.

Сыртқы нарық. Сыртқы нарықтардағы жағдай айтарлықтай түзетумен және жоғары құбылмалылықпен сипатталды. 2021 жылғы қарашада «Омикрон» коронавирусының жаңа штамының анықталысымен әлемдік экономиканың келешегіне қатысты белгісіздік күрт күшейе түсті. 2021 жылғы IV тоқсанның ортасына қарай инфляцияның жеделдеуіне және экономиканың тұрақтануына байланысты дамыған елдердің орталық банктерінің саны барған сайын риториканы күшейтіп, активтерді сатып алуды аяқтауға ниетті екеніне және мөлшерлемелерді неғұрлым ерте көтеру туралы жариялады, бұл дамушы нарықтардан капиталды әкетуін тудырды. Мұнай нарығында шикізат нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігіне байланысты баға белгілеудің жоғары құбылмалылығы байқалды. Есепті кезеңнің ортасында мұнай бағасының рекордтық өсуі алып қаралған кезеңнің соңына қарай жаңа штамның әсерімен теңестірілді.

Ақша нарығы. 2021 жылғы IV тоқсанда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 9,5%-дан 9,75%-ға дейін 25 б.т (қазанның аяғында) көтеру туралы шешім қабылдады, бұл базалық мөлшерлеме дәлізінің шекарасы шеңберінде ақша нарығындағы мөлшерлемелердің өсуіне әкеп соқты. Есепті кезеңде Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының операциялары бойынша сальдо едәуір төмендеді.

Валюта нарығы. Валюта нарығындағы жағдай жоғары белсенділікпен сипатталды, бұл іскерлік пен тұтынушылық белсенділіктің артып келе жатқаны және бейрезиденттердің капиталының кетуі аясында шетел валютасына сұраныстың өсуіне байланысты болды. Нәтижесінде тоқсанның қорытындысы бойынша теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 431,80 теңгеге дейін 1,4%-ға әлсіреді.

Қор нарығы. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер және бейрезиденттердің ҚР МБҚ-ға қызығушылығының төмендеуі кірістілік қисығының серпініне әсер етті. Есепті кезеңде дамыған елдерге капиталдың жаһандық әкетілуі аясында бейрезиденттердің үлесі мен олардың ҚР МБҚ-ға инвестициялар көлемінің күрт төмендеуі байқалды. Корпоративтік облигациялар ақша-кредит талаптарын қатаңдату аясында тарту мөлшерлемелерінің бір мезгілде көтерілу жағына бірқалыпты айналуы кезінде квазимемлекеттік сектор есебінен өсе түсті. Акциялар нарығы негізінен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және банк секторы есебінен өсті.

Депозит нарығы. Депозиттік ұйымдардағы депозиттердің өсу қарқыны ұлттық валютада да, шетел валютасында да қаражат ағыны аясында жеделдеді. Шетел валютасындағы салымдармен салыстырғанда теңгедегі салымдардың неғұрлым ұлғаюы нәтижесінде жыл қорытындысы бойынша жалпы долларлану 36,0%-ға дейін төмендеді.

Кредит нарығы Базалық мөлшерлеменің біртіндеп көтерілуі аясында корпоративтік секторға ұлттық валютамен берілген кредиттердің құны тоқсан ішінде өсім көрсетті. Тұтынушылық кредиттеу өсімнің басты жетекшісі болып қала береді, ипотекалық қарыздардың да өсуі жалғасады. Іскерлік белсенділіктің өсуі аясында нақты секторға берілген кредиттердің көлемі айтарлықтай өсуді көрсетті.

I. Сыртқы нарық


2021 жылғы қазан-желтоқсанда сыртқы нарықтардағы жағдай едәуір түзетумен және жоғары құбылмалылықпен сипатталды. 2021 жылғы қарашада «Омикрон» коронавирусының жаңа штамының анықталысымен әлемдік экономиканың келешегіне қатысты белгісіздік күрт күшейе түсті.

Тоқсанның ортасына қарай инфляцияның жеделдеуіне байланысты дамыған елдердің орталық банктері активтерді сатып алудың аяқталуы басталғаны және мөлшерлемелердің жуық арада көтерілетіні туралы жариялады, бұл дамушы нарықтардан капиталдың әкетуін тудырды.

Мұнай нарығында шикізат нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігіне байланысты баға белгілеудің жоғары құбылмалылығы байқалды. Тоқсанның ортасында мұнай бағасының рекордтық өсуі алып қаралған кезеңнің соңына қарай жаңа штамның әсерімен теңестірілді.

Covid-19 «Омикрон» жаңа штамының пайда болуы және тез таралуы бірқатар елдерде санитарлық-эпидемиологиялық шектеулердің қайта басталуына алып келді. Бұл әлемдегі іскерлік белсенділікке әсер етті. Әлемдік экономиканың өсу қарқыны қызмет көрсету саласындағы белсенділіктің неғұрлым әлсіз өсуіне байланысты біршама баяулады, ол өнеркәсіптік өндірістің сақталып отырған өсуімен өтелді (1-график).


1-график. Іскерлік белсенділіктің әлемдік индексінің серпіні



Дереккөзі: Refinitiv

2021 жылғы IV тоқсанда біршама баяулағанына қарамастан, әлемдік экономиканың бір жыл ішінде тез қалпына келуі инфляцияның жеделдеуіне ықпал етті. 2021 жылғы желтоқсанда АҚШ-тағы инфляция соңғы 40 жылда рекордтық мәнге жетті және ж/ж 7% болды, ЕО-да 1997 жылдан бастап байқау кезеңінің басынан бері ең жоғары мәні - 5,3% құрады, Ресейде инфляция соңғы 6 жылда ең жоғары деңгейді көрсетіп, ж/ж 8,4% құрады (2-график).

2-график. АҚШ, ЕО, Ресей, дамушы және дамыған елдер инфляциясының серпіні




Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

Шикізат нарықтарындағы бағаның өсуі де инфляцияға қысым жасады. Еуропада табиғи газ қорының төмендеуі, сондай-ақ жылу энергиясына инвестициялардың азаюы және атом электр станцияларындағы жөндеу жұмыстары газ бен электр энергиясы бағасының күрт өсуіне алып келді. Бұл факторлар өңірдегі инфляцияның өсуіне ықпал етті. Әлемдік мұнай нарығындағы жағдай сұраныстың ұсыныстан асып түсу үрдісін көрсетті. Мұнайға жоғары сұраныс газ және көмір сияқты мұнайдың субституттарының қымбаттауына негізделді. Қазанда Brent маркалы мұнайдың баға белгіленімі 2018 жылғы қазаннан бері алғаш рет бір баррель үшін 85 АҚШ долларынан асты. Энергия ресурсының құнын төмендету үшін АҚШ 50 млн баррель көлеміндегі мұнайдың стратегиялық резервтерін пайдалану туралы жариялады.

«Омикрон» штамының таралуы, ОПЕК+ альянсының шикізат өндірудің тәулігіне 400 мың баррельге өсу жоспарын сақтау жөніндегі шешімі 2021 жылғы желтоқсанда мұнай бағасының біршама төмендеуіне ықпал етті. Тоқсанның қорытындысы бойынша Brent маркалы мұнайдың бағасы бір баррель үшін 78,52 АҚШ долларынан 77,78 АҚШ долларына дейін 0,9%-ға төмендеді (3-график).

3-график. Мұнай, көмір және табиғи газ бағаларының серпіні (31.12.2019 = 100)




Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

Инфляциялық процестердің жеделдеуі аясында дамыған елдердің орталық банктері бейтарап ақша-кредит саясатына көшуді бастады. Қараша айының басында АҚШ ФРЖ активтерді сатып алу бағдарламасын қысқартуды бастағанын жариялады, ал желтоқсанда активтерді сатып алуды ай сайын екі есеге қысқарту және 2022 жылғы наурызда бағдарламаларды аяқтау туралы шешім қабылданды. 2021 жылғы желтоқсанда ЕОБ сондай-ақ активтерді төтенше сатып алу бағдарламасын (PEPP) 2022 жылғы наурыздың соңына қарай аяқтайтынын жариялады және активтерді сатып алуды шілдедегі 87,6 млрд еуродан 2021 жылғы желтоқсанда 49,4 млрд еуроға дейін қысқартуды бастады. 2021 жылғы желтоқсанда Англия Банкі негізгі мөлшерлемені 0-ден 0,25%-ға дейін көтеріп, мөлшерлемелерді көтеру цикліне өтті.

Монетарлық саясаттың мұндай шаралары, сондай-ақ тейперинг аяқталғаннан кейін АҚШ ФРЖ мөлшерлемесінің бірнеше рет көтерілуін күтуі дамушы нарықтардан капиталдың кетуіне және АҚШ долларының жаһандық нығаюына әкелді. АҚШ долларының DXY индексі өткен тоқсанмен салыстырғанда 95,97-ға дейін 1,8%-ға, ал қазынашылық облигациялардың кірістілігі дамушы елдердің валюталарына айтарлықтай қысым көрсете отырып, жылдық 1,5%-ға дейін өсті. Осылайша, 2021 жылғы IV-тоқсанның қорытындысы бойынша дамушы нарықтардың валюта индексі (JP Morgan EM Currency) 52,57-ге дейін 4,9%-ға төмендеді (4-график).

4-график. АҚШ МБҚ кірістілігі (%), EM валютасы және АҚШ долларының индексі (31.12.2019 = 100)



Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

Жалпы құбылмалылықтан басқа, нарықтар аймақтық тәуекел-оқиғаларға орай әрекет етіп отырды. Мәселен, Түркияның орталық банкі қазан айында негізгі мөлшерлемені 18%-дан 16%-ға дейін, қараша айында 15%-ға дейін төмендетуі, түрік лирасының құнсыздануына байланысты валюталық дағдарысқа әкелді (тек 2021 жылғы қарашада ғана 40%-ға).


Геосаяси оқиғалар және АҚШ билігі тарапынан санкциялар енгізілуі мүмкін болған жағдайда, мұнай мен газ бағасының жоғары болуына, сондай-ақ РФ Орталық банкінің негізгі мөлшерлемені қазанда 6,75%-дан 7,5%-ға дейін және 2021 жылғы желтоқсанда 8,5%-ға дейін көтеруіне қарамастан, IV тоқсанда Ресей рублі бір АҚШ доллары үшін 75,17 рубльге дейін 3,3%-ға құнсызданды.

1-бокс

Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2021 жылғы IV тоқсан ішінде дамушы елдердің АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым саудаланатын валюталары бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына бағамдарының өзгеруі, %
(2021 жылғы 4-тоқсанда)



Алып қарағанкезеңде **Мексика песосы** қарашаның соңында Мексика Банкінің басшылығындағы кадрлық өзгерістер мен Covid-19 «Омикрон» жаңа штамының анықталуы аясында айтарлықтай құлдырауына қарамастан 0,5%-ға (20,64-тен 20,53-ке дейін) нығайды. АҚШ-тың қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуі де мексикалық валютаға қысым жасады. Тоқсанның соңына қарай Мексиканың ұлттық валютасы орталық банктің пайыздық мөлшерлемені 5,5%-ға (50 б.т.) көтеру аясында өз позициясын қалпына келтірді.

Шикізат тауарларының жоғары бағасы және тоқсан басындағы АҚШ доллары DXY индексінің төмендеуі **индонезиялық рупияға** қолдау болды, оның долларға қатысты бағамы соңғы 8 айдағы ең жоғары деңгейге (14 057) дейін нығайды. Тренд тәуекел-тәбеттің нашарлауы және шетелдік қорлардың елдің облигацияларынан кетуі (қарашада 2 млрд АҚШ долларына дейін) аясында қарашаның соңына қарай едәуір өрістей бастады. «Омикрон» жаңа штамының айналасындағы алаңдаушылықтың төмендеуі қарашаның әлсіреуін ішінара қайтаруға мүмкіндік берді, нәтижесінде төртінші тоқсанда рупия 0,3%-ға (14313-тен 14263-ке дейін) нығайды.

Шетелдік инвесторлардың кетуі және мұнай мен шикізат тауарларының жоғары бағасы үнді рупиясының құнсыздану факторына айналды. Теріс динамика «Омикрон» штамының бүкіл әлемге тез таралуынан да туындады. 15 желтоқсанда рупия 76,32-ге дейін (2020 жылғы сәуір деңгейінде) төмендеп соңғы 8 айдағы бір күндік ең күрт төмендеуін тіркеді. Алайда тоқсанның аяғында **үнді рупиясы** қаралып отырған кезеңде 0,1%-ға (74,24-тен 74,34-ке дейін) шамалы әлсіреп, позицияларын қалпына келтірді.

Бразилия реалы салық-бюджет саясатының белгісіздігі және инвесторлардың 2022 жылғы сайлау қарсаңында елдің шығыстарын шектеу туралы қағидаларды бұзатын жаңа әлеуметтік бағдарламаны қаржыландыру жөніндегі бюджеттік экспансияға қатысты алаңдаушылығы аясында 2,4%-ға (5,44-тен 5,57-ге дейін) әлсіреді. Жаңа штамның анықталуы мен АҚШ ФРЖ-ның облигацияларды сатып алу бағдарламасын жылдам қысқарту және негізгі мөлшерлемені көтеру туралы мәлімдемесі де бразилиялық валютаға қысым жасады.

Қарашада мұнай баға белгіленімінің 80 АҚШ долларынан төмен құлдырауымен және тәуекелден жаһандық кетуімен қатар жүрген коронавирустың жаңа штамының анықталуы **Ресей рубліне** теріс әсер етті, төртінші тоқсанда валюта 3,3%-ға (72,75-тен 75,17-ге дейін) әлсіреді. Бұдан басқа, Ресей валютасына Ресей, АҚШ және Украина арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне байланысты геосаяси ахуалдың нашарлауы елеулі қысым көрсетті.

Оңтүстік Африка рандының 5,8%-ға әлсіреуі (15,07-ден 15,94-ке дейін) Оңтүстік Африкада Covid-19 жаңа нұсқасының табылуына байланысты болды. Орталық банктің пайыздық мөлшерлемені 3 жылда алғаш рет 3,75%-ға дейін (25 б.т.) көтеруіне қарамастан, инвесторлардың тәуекелді активтерден қашуы байқалды, нәтижесінде қарашаның соңында ранд жылдық ең төменгі меже деңгейіне дейін (16,29-ға дейін) төмендеді.

Түрік лирасы қарастырылып отырған тоқсанда ақша-кредит талаптарының негізсіз жеңілдетілу аясында 49,6%-ға (8,89-дан 13,3-ке дейін) әлсіреп, ең нашар нәтиже көрсетті. Инфляцияның рекордтық өсуіне қарамастан, желтоқсанда Түркияның Орталық банкі есептік мөлшерлемені 14% -ға дейін (100 б.т.) төмендетті, содан кейін лира бағамы бір тәулік ішінде 9%-ға әлсіреді.

II. Ақша нарығы


Ұлттық Банктің одан әрі базалық мөлшерлемені өсіруі 2021 жылғы IV тоқсанда ақша нарығының мөлшерлемелері өсуіне әкелді. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының операциялары бойынша сальдо депозиттік аукциондар мен ноттар қалдықтарының көлемі төмендеуі, сондай-ақ кері репо операцияларымен өтімділікті ұсыну ұлғаюы есебінен айтарлықтай төмендеді.
Мөлшерлемелер 2021 жылғы қарашаның соңында – желтоқсанның басында теңгелік өтімділікке сұраныс өсуі кезінде жоғарғы шекараға жетіп, пайыздық дәліз шегінде сақталды.

Экономикадағы сақталып отырған проинфляциялық қысым, әлемдік нарықтарда бағалардың өсуі, сауда әріптес елдерінде инфляцияның жеделдеуі және ел ішіндегі жоғары инфляциялық күтулер аясында Ұлттық Банк 2021 жылғы қазанның соңында базалық мөлшерлемені 9,75%-ға дейін 25 б.т. өсіру туралы шешім қабылдады. 2021 жылғы желтоқсанда коронавирустың жаңа пайда болған «Омикрон» штамынан туындаған белгісіздіктерді ескере отырып, базалық мөлшерлеме бұрынғы деңгейде сақталды.

Тоқсанның бірінші жартысында ақша нарығының мөлшерлемелері пайыздық дәліздің төменгі шекарасы мен салық кезеңіне байланысты жоғарғы шекараға мерзімді өсуімен базалық мөлшерлеме арасында қалыптасты. 2021 жылғы қарашаның соңында және желтоқсанда өтімділікке жоғары сұраныс аясында мөлшерлемелер негізінен дәліздің жоғарғы шекарасында қалыптасты (5-график).

Коронавирустың жаңа штамы анықталуы аясында әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы жоғары құбылмалылық кезеңінде валюта нарығында сауда-саттықтың көлемі өсуі желтоқсанда мөлшерлемелер өсуінің негізгі драйвері болды.

5-график. МБҚ-мен репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ


TONIA мөлшерлемесі мен базалық мөлшерлеме арасындағы спред 2021 жылғы IV тоқсанда орта есеппен -0,1 п.т. (2021 жылғы III тоқсанда -0,4 п.т., 2020 жылғы IV тоқсанда -0,5 п.т.) болды. 2021 жылғы қазан мен қарашада TONIA мөлшерлемелері базалық мөлшерлемеге қатысты теріс спред құрып (тиісінше -0,6 п.т. және -0,4 п. т.), төменгі шекараға жақын болды. Желтоқсанда TONIA негізінен дәліздің жоғарғы шекарасында болды, сол арқылы TONIA мен базалық мөлшерлеме арасындағы спред айтарлықтай өсті (0,7 п.т.). Осының салдарынан өткен тоқсанмен (0,4) салыстырғанда спредтің құбылмалылығы да 0,7-ге дейін өсті, соған қарамастан ол 2020 жылғы IV тоқсандағы деңгейде сақталды.

ҚР ҰБ ұсынатын өтімділік көлемі өтімділікке артқан сұраныс аясында өскен 2021 жылғы қараша-желтоқсандағы жекелеген кезеңдерді қоспағанда, нарықтағы мөлшерлемелерді негізінен нарыққа қатысушылар қалыптастырды.

Нарыққа қатысушылар тарапынан орналастыру негізінен төменгі шекара мен базалық мөлшерлеме арасындағы мөлшерлеме бойынша қалыптасты. Банктер тарапынан осындай орналастырулардың үлесі бүкіл банк секторынан 90%-ға жуығын (6-график), өзге қатысушылар (инвестициялық және

брокерлік компаниялар) тарапынан оларды жалпы орналастыруда 78% болды.

6-график. Бір күндік репо нарығында теңгені орналастыру мәмілелері бойынша мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚРҰБ

А) Ұлттық Банктің операциялары

2021 жылғы IV тоқсанда негізінен **ашық нарық құралдарымен** алынатын ақша нарығындағы өтімділіктің профициті 3,4 трлн теңгеге дейін 34,5%-ға немесе 1 785,6 млрд теңгеге төмендеді. Депозиттік аукциондар арқылы алып қою көлемі 897,2 млрд теңгеге, ноттар көлемі 638,6 млрд теңгеге төмендеді. Кері репо операцияларымен өтімділікті ұсыну бойынша операциялар 549,0 млрд теңгеге ұлғайды (7-график).

Ұлттық Банктің валюта нарығындағы операциялары (ҚР ҰБ валюталық интервенциялары 491 млн АҚШ долларын құрады), Ұлттық қордың теңгемен шотында қаражат ұлғаюы және айналыстағы қолма-қол ақшаның өсуі өтімділік қысқаруының негізгі факторлары болды.


7-график. ҚР ҰБ операциялары бойынша ашық позиция



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Ноттарды мерзімдері бойынша бөлуде алып қоюдың негізгі үлесі айлық ноттар есебінен жүзеге асырылды (тоқсан соңына қарай үлесі – 44%). Үш айлық және жартыжылдық ноттар үлесі тиісінше 32%-ды және 24%-ды құрады (8-график).


8-график. Ноттар мен депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция



Дереккөзі: ҚРҰБ

Депозиттік аукциондар мен ноттар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеме 2021 жылғы қазанда өсуінен кейін жоғарылады (9-график).

9-график. Ноттар мен депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚРҰБ

Тұрақты қолжетімділік операциялары арқылы өтімділікті алып қою алдыңғы тоқсан деңгейінде сақталып, ЕДБ-ның Ұлттық Банктегі депозиттері арқылы, сондай-ақ тікелей репо операциялары арқылы жүзеге асырылды (10-график).

Ұлттық Банк кері репо операциялары арқылы өтімділікті ұсынуды жүзеге асырды, олар желтоқсанның басындағы жекелеген кезеңдерде депозиттер бойынша көлемдерден асып түсті. Желтоқсанда кері репо операциялары бойынша мәмілелердің көлемі 2021 жылғы 11 айдағы 17,1 млрд теңгемен салыстырғанда орта есеппен 231 млрд теңге болды.

10-график. ҚРҰБ тұрақты қолжетімділік операцияларының көлемі




Дереккөзі: ҚРҰБ

Б) Репо овернайт нарығының құрылымы

Қарастырылып отырған тоқсанда репо нарығындағы сауда-саттық көлемі негізінен қысқа мерзімдерде өсті (11-график). Өтімділіктің негізгі әкелінуі екі апталық және бір айлық мерзімдерде репо көлемі қысқаруы кезінде бір тоқсанда орта есеппен екі есе өсуді көрсеткен бір күндік (нарықтың барлық көлемінен 66%-дық үлесімен) және бір апталық репо операциялары бойынша байқалды.

11-график. Репо нарығындағы ашық позициялар




Дереккөзі: ҚРҰБ

Бір күндік репо нарығында банк секторы тарапынан өтімділікті орналастыру үлесі төмендеуін жалғастырды, ол ірі қорлардың, даму банктерінің және мемлекеттік компаниялардың үлестерімен (39%) салыстыруға келетін деңгейде қалыптасты. Кері репо өтімділігін ұсыну операциялары өсуі аясында Ұлттық Банктің үлесі 13%-ға дейін өсті (алдыңғы тоқсанда – 3%). Үздік 10 ЕДБ үлесі есепті тоқсанда 78% болды (2021 жылғы III тоқсанда 75%).

Өтімділікті тарту бөлігінде брокерлік және инвестициялық компаниялар (49%), сондай-ақ банк секторы (47%) басым болды (12-график).

12-график. 1-күндік репо нарығының құрылымы




** Брокерлік және инвестициялық компаниялар, ірі қорлар, даму банктері, мемлекеттік компаниялар*

Дереккөзі: ҚР ҰБ, ҚҚБ

IV тоқсанда бір күндік репо нарығында қаражат тартуда өтімділіктің шоғырлануы төмендеді, дегенмен үздік банктерде және инвестициялық компанияларда өтімділіктің негізгі көлемі шоғырлануына байланысты жоғары болып қалуда. Қаражатты орналастыру бөлігінде шоғырлану қалыпты, оның ішінде Ұлттық Банктің үлесі өсуі есебінен де (13-график) қалыпты.

13-график. Бір күндік репо нарығында қатысушылардың шоғырлануы (Херфиндаль-Хиршман индексі)



Дереккөзі: ҚРҰБ

Нарықтағы шоғырлану дәрежесін бағалау үшін қолданылатын Херфиндаль — Хиршман индексі негізінде есептелді. Барлық қатысушылардың үлестері квадраттарының сомасы ретінде айқындалады. Аймақ неғұрлым бұлыңғыр болса, шоғырлану соғұрлым жоғары болады:

Жоғары шоғырланған нарықтар: 1800 < HHI < 10000

Орташа шоғырланған нарықтар: 1000 < HHI < 1800

Төмен шоғырланған нарықтар: HHI < 1000

III. Валюта нарығы

Валюта нарығындағы жағдай артқан белсенділікпен сипатталды, бұл іскерлік және тұтынушылық белсенділіктің өсуі және бейрезиденттердің капиталы әкетілуі аясында шетел валютасына сұраныстың артуымен байланысты. Тоқсанның қорытындысы бойынша теңгенің биржалық бағамы АҚШ долларына қатысты – бір АҚШ доллары үшін 431,80 теңгеге дейін 1,4%-ға әлсіреді.

А) Ішкі валюта нарығындағы жағдай

2021 жылғы IV тоқсанда валюта нарығы сыртқы сияқты ішкі факторлардың қысымынан да шетел валютасына сұраныстың артуымен сипатталды.

Сыртқы нарықтарда жаңа штам мен оның салдары туралы жаңалықтарға байланысты мұнай бағасының күрт төмендеуі, дамыған елдердің орталық банктерінің риторикасы күшеюі аясында дамушы нарықтардан капиталдың әкетілуі түріндегі артқан құбылмалылық байқалды.

Нәтижесінде бейрезиденттердің теңгелік бағалы қағаздардан шығуы байқалды. Бейрезиденттердің МБҚ-ға және ҚР ноттарына салымдарының көлемі бір тоқсанда 24,5-ға немесе 596 млрд теңгеге дейін 193 млрд теңгеге төмендеді.


Валюта нарығында белсенділіктің артуына кәсіпорындардың бюджетті игеруінің, төлемдерді жүзеге асырудың белсенді кезеңі сияқты ішкі факторлар да ықпал етті, ол импорттың өсуіне және соның салдары ретінде шетел валютасына сұраныстың өсуіне әкелді.

Қаржы нарығына қатысушылар арасында валютаға деген жоғары сұраныс валюталық операциялардың көлемі өсуіне алып келді. 2021 жылғы IV тоқсанда биржалық және банкаралық сегменттерде спот операцияларының жалпы көлемі 41,5 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы III тоқсандағы көрсеткіштен 6,6%-ға немесе 2,6 млрд АҚШ долларына жоғары (2020 жылғы IV тоқсандағымен салыстырғанда 19,9%-ға жоғары).

Теңгенің тұрақсыздандырушы ауытқуын болдырмау және валюта нарығындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында қараша-желтоқсан айларында Ұлттық Банк жоғары сұраныс пен өте шектеулі ұсыныс аясында Ұлттық Банк 491,1 млн АҚШ доллары сомасына валюталық интервенция жүргізді.

Валюта нарығының теңгерімділігі республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттерді қамтамасыз ету үшін шетел валютасын конвертациялау операцияларымен (тоқсанда 2,4 млрд АҚШ доллары), сондай-ақ мұнай өндіруші компаниялардың экспорттық валюталық түсімін сатуымен қамтамасыз етілді (14-график).

14-график. Биржалық нарықтағы сауда-саттық көлемі, ҰҚ-дан валютаны конвертациялау




Дереккөзі: ҚР ҰБ

Нәтижесінде 2021 жылғы IV тоқсанның қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 2021 жылғы қыркүйектің соңындағы 425,75 теңгеден 431,80 теңгеге дейін 1,4%-ға әлсіреді.

Б) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

Теңгенің айырбастау бағамына әртүрлі бағыттағы факторлардың әсер етуі жағдайында теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы құбылмалылығының амплитудасы 2021 жылғы қарашаның соңынан желтоқсанның соңына дейін жоғарылады (15-график).


15-график. Биржадағы теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі USD/KZT жұбының жабылу бағасының қарашаның басынан бастап ашылу бағасынан (қызыл шырақтар) асып түсуі байқалған күндізгі сауда-саттықта көрініс тапты. Бұл ретте тоқсанның соңында теңгенің нығаю үрдісі туындаған сауда сессиялары байқалды (жасыл ұзын шырақтар) (16-график).


16-график. Биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: Refinitiv, ҚҚБ

Жалпы алғанда, спот және своп операцияларын қоса алғанда, биржалық нарықтағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 18,6 млрд АҚШ долларын құрады, бұл алдыңғы тоқсаннан 34,5%-ға жоғары (және 2020 жылғы ұқсас тоқсаннан 68,2%-ға жоғары) (17-график).


17-график. Мәмілелер түрі бойынша валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

Валюталық спот нарығындағы құбылмалылық своп нарығына да әсер етті. Бір күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 2,4 есе едәуір артып, 6,2 млрд АҚШ долларын құрады (2020 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда 2,3 есе жоғары). Бұл ретте 2 күндік валюталық своптар бойынша мәмілелердің көлемі 1,3 млрд АҚШ долларына дейін 34,5%-ға қысқарды (2020 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда 48,2%-ға жоғары). Валюта нарығының қатысушылары арасында сұранысы аз құрал бір айлық своптар бойынша мәмілелер көлемі 322 млн АҚШ долларын құрады (18-график).

18-график. Биржалық валюталық своптар бойынша мәмілелер



Дереккөзі: ҚҚБ


В) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар

Банкаралық валюта нарығы

Банкаралық валюта нарығында спот мәмілелерінің көлемі 30,9 млрд АҚШ долларына дейін 1,8%-ға ұлғайды, оның

ішінде бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеу операцияларының көлемі 19,2 млрд АҚШ долларын немесе 62,3%-ды құрады. Бұл операциялар теңгенің айырбастау бағамының қалыптасуына әсер етпей, банк тобының ішінде жүргізілді (19-график).

19-график. Банкаралық валюта нарығындағы KZT/USD валюта жұбымен сауда-саттық көлемі




Дереккөзі: ҚРҰБ

Жекелеген банктің меншікті капиталын хеджирлеу мәмілелерін қоспағанда, банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі есепті тоқсанда 11,7 млрд АҚШ долларына дейін 18,4%-ға ұлғайды.

Г) Жеткізілімсіз валюталық форвардтар нарығы

Жеткізілімсіз валюта форвардтарының (NDF) доллар – теңге жұбы бойынша баға белгілеуі қарашаның ортасынан бастап тоқсанның соңына дейін теңгенің АҚШ долларына биржалық бағамымен спредтің ұлғаюын көрсетті, бұл нарықтың кәсіби қатысушыларының 3 айға және 1 жылға дейінгі уақыт аралығында теңгенің әлсірейтінін күтуінің өскенін білдіреді (20-график).

20-график. NDF спредтері, жылдық %




Дереккөзі: ҚҚБ, Refinitiv, ҚРҰБ есептеулері

Д) Қолма-қол шетел валютасы нарығы

2021 жылғы IV тоқсанда халық алдыңғы тоқсанға қарағанда 1,5 есе, 2020 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 46,2%-ға ұлғайған 1,2 трлн теңгеге баламалы сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды (21-график).

Халық жалпы шығыстарының 71,0%-ы болатын АҚШ долларын сатып алуды жөн көрді. Қолма-қол шетел валютасын жиынтық нетто-сатып алу құрылымындағы Ресей рублінің үлесі 19,7%, еуро – 9,2% болды.

21-график. Халықтың шетел валютасын нетто сатып алуы/сатуы



Дереккөзі: ҚРҰБ


IV.Қор нарығы

Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер және бейрезиденттердің ҚР МБҚ-ға қызығушылығы кірістілік қисығының серпініне әсер етті. Есепті кезеңде дамыған елдерге капиталдың жаһандық әкетілуі аясында бейрезиденттер үлесінің және олардың ҚР МБҚ-ға инвестициялары көлемінің күрт төмендеуі байқалды.
Корпоративтік облигациялар ақша-кредит талаптарын күшейту аясында тарту мөлшерлемелерінің бір мезгілде арту жағына қарай біртіндеп өзгеруі кезінде квазимемлекеттік сектор есебінен өсуді жалғастырды. Акциялар нарығы негізінен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және банк секторы есебінен өсті.

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар


2021 жылғы қараша-желтоқсанда базалық мөлшерлеменің жоғарылауы және Үкімет тарапынан мемлекеттік облигацияларды орналастыру көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ бейрезиденттердің кетуі аясында кірістілік қисығының барлық бөліктерінде ҚР МБҚ кірістілігінің өсуі байқалды (22-график). 1 жылдан 4 жылға дейінгі аралықта кірістілік қисығы орта есеппен 23,7 б.т., 4 жылдан 10 жылға дейінгі аралықта – 16,2 б.т., 10 жылдан астам аралықта – 15,9 б.т. өсті (23-график).

22-график. Кірістілік қисығы



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ


23-график. Мерзімі бойынша БҚ орташа кірістілігі және олардың өзгеруі



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

Базалық мөлшерлеменің артуынан кейін ҚР Қаржымині МБҚ-ны мейлінше жоғары мөлшерлеме бойынша орналастыра бастады. Кірістіліктің артуына алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда орналастыру көлемінің ұлғаюы да әсер етті. Мәселен, 3 жылға дейінгі қысқа мерзімді бағалы қағаздарды орналастыру бойынша мөлшерлемелер III тоқсанда 10,10-10,40%-дан IV тоқсанда 10,16 – 10,87%-ға дейін, 4 жылдан 10 жылға дейінгі орта мерзімді қағаздар бойынша - 10,07 – 10,66%-дан 10,45-10,78%-ға дейін, 10 жылдан астам - 10,64-10,81%-дан 10,74-10,87%-ға дейін өсті.
Бейрезиденттер тарапынан ҚР МБҚ-ға инвестициялар көлемі 2021 жылдың басындағы 413 млрд теңгеден 2021 жылғы қазанда 863 млрд теңгеге дейін ұлғайғаннан кейін 2021 жылғы қараша-желтоқсан айларында капиталдың дамыған елдерге жаһандық әкетілуінің күшеюі аясында 595 млрд теңгеге дейін айтарлықтай төмендеді (24-график).

24-график. Бейрезиденттердегі МҚБ көлемі, млрд теңге




ноттар МБҚ

Дереккөзі ҚРҰБ, БҚОД


2021 жылғы IV тоқсанда МБҚ нарығындағы сауда-саттық көлемі 1 141,3 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 55,2%-ға жоғары және 2020 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда 12,9%-ға жоғары (25-график).

25-график. МБҚ нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге



Бастапқы нарықта МБҚ орналастыру көлемі 887,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 49,9%-ға жоғары (26-график). Оның ішінде ҚР Қаржы министрлігі есепті кезеңде нарыққа 10,16-10,87%-бен 698,8 млрд теңге (өткен тоқсанмен салыстырғанда 22,3%-ға жоғары) тартты.

26-график. Қаржымині мен ЖАО-ның МБҚ орналастыруы, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

«Жұмыспен қамтудың жол картасын» іске асыру мақсатында 14 облыстың және республикалық маңызы бар 3 қаланың әкімдіктері 189,1 млрд теңге сомасында қалған қаражат көлемін тартты.

МБҚ-ның қайталама нарығындағы мәмілелер көлемі 253,4 млрд теңге болды, бұл өткен тоқсанның және 2020 жылғы IV тоқсанның көрсеткіштерінен 2 есе артық.

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы

Корпоративтік облигациялармен жасалған мәмілелер көлемі 2021 жылғы IV тоқсанда көбінесе бастапқы нарық есебінен өсті. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 683,4 млрд теңге, оның ішінде бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемі – 460,93 млрд теңге, қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі-222,46 млрд теңге болды (27-график).

27-график. Корпоративтік облигациялар нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге




Дереккөзі: ҚҚБ

Бастапқы нарықта орналастыру көлемі бойынша ҚОҚ (үлесі 20,6%), квазимемлекеттік ұйымдар (66,5%) және екінші деңгейдегі банктер (10,3%) көшбасшы болып қалуда. Эмитенттер арасында қысқа мерзімді және орта мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі сақталды.

Кірістілігі орташа нарықтық мәндерден айтарлықтай ерекшеленетін жекелеген облигациялар шығарылымын қоспағанда, орналастырылған облигациялар бойынша мөлшерлемелер 9,97-13,25% аралығында өзгеріп отырды. KASE_BMY индексі есепті тоқсанның қорытындысы бойынша 10,61-ге дейін 32 б.т. өсті (28-график).

28-график. Корпоративтік облигациялар кірістілігінің серпіні, %



Дереккөзі: ҚҚБ


Базалық мөлшерлеме

B) Акциялар нарығы

Жаңа штамның анықталуына орай 2021 жылғы қарашадағы едәуір түзетуге қарамастан, толық локдаун тәжірибесінен кету акциялар нарығындағы оптимизмді сақтауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде негізгі жаһандық акциялар нарығындағы бағалардың өсуі жалғасты.

Есепті тоқсанда әлемдік қор биржалары ең жоғары тарихи көрсеткіштерді жаңартуды жалғастырды: S&P 500 (АҚШ) 10,6%-ға, Eurostoxx (еуроаймақ) 6,2%-ға, FTSE 100 (Англия) - 4,2%-ға өсті (29-график). Ресейдің MOEX акциялар нарығының индексі геосаяси тәуекелдердің өсуі аясында 7,7%-ға төмендеді

29-график. Басқа елдердің қор биржаларының және KASE индекстері (2019ж. желт. = 100)



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

KASE индексі 2021 жылғы 18 қарашада өзінің тарихи ең жоғары көрсеткішін жаңартып, 3 810,7 белгісіне жетті (30-график). Талданып отырған тоқсанда өсім 8,6%-ды, жалпы 2021 жылы 37,2%-ды құрады.

2021 жылғы IV тоқсанда KASE индексінің өкілдік тізіміне кіретін барлық компаниялардың акциялары тарихи ең жоғары көрсеткішке жетті.


Энергетика саласы өсудің негізгі көзі болды. «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ-тың жай акциялары есепті тоқсанда 7,6%-ға, 2021 жылы елдердің атом энергетикасына көшуге мүдделі болуы аясында 136,2%-ға өсті.

«KEGOC» АҚ акциялары дивидендтер төленгеннен кейін түзету аясында 0,1%-ға аздап төмендеп, бұл ретте жылдық көрсеткіш бойынша 10,2%-ға өсті. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларының бағасы 2%-ға, 2021 жылы 12,8%-ға өсті.

Қаржы секторы да оң өсімді көрсетті. «Банк ЦентрКредит» АҚ акциялары IV тоқсанда 33,9%-ға (ж/ж-84,6%) өсті. Бағаның өсуі бір мезгілде мерзімі өткен кредиттер үлесі төмендеуі кезінде несие портфелінің өскені жөніндегі есептік деректерге негізделген.

«Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ акцияларының бағасы оң қаржылық есептілік аясында 2,4%-ға (ж/ж – 1,5 есе) өсті.

30-график. KASE индексі және оның компоненттері (2019 ж. желт. = 100)



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

Байланыс саласында тоқсан қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ-тың бағалы қағаздары таза пайданың өсуі туралы есептік деректер аясында 3,2%-ға (ж/ж – 34,1%), «Kcell» АҚ акциялары 23,3%-ға өсті (ж/ж - 41,1%-ға төмендеді). Бұл ретте «Қазақтелеком» АҚ борыштық жүктемені тұрақтандыру мақсатында «Kcell» АҚ-тағы қатысу үлесін 75%-дан 51%-ға дейін төмендетті.

KASE акциялар нарығын капиталдандыру индекстік тізімнің бағаларын түзету нәтижесінде 28,7 трлн теңгеге дейін 0,6%-ға шамалы қысқарды.

2021 жылғы IV тоқсанда акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2,9 есе ұлғайды және жалпы сомасы 194,3 млрд теңгеге «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ-тың жай акцияларын сатып алу және «ҚазАзот» АҚ-тың жай акцияларын сатып алу бойынша мамандандырылған сауда-саттық есебінен 2021 жылғы желтоқсанда сауда-саттықтың рекордтық көлеміне қол жеткізіп 241,7 млрд теңге болды (31-график).

Сонымен қатар, 2021 жылғы қарашада шетелдік бағалы қағаздарды сатуға арналған жаңа KASE Global секторы іске қосылды.

31-график. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ

V. Депозит нарығы

Депозиттік ұйымдардағы депозиттердің өсу қарқыны ұлттық валютамен және сол сияқты шетел валютасымен қаражаттың әкелінуі аясында қарқын алды. Шетел валютасындағы салымдармен салыстырғанда теңгедегі салымдардың көбірек ұлғаюы нәтижесінде 2021 жылдың қорытындысы бойынша жалпы долларлану 36,0%-ға дейін төмендеді.


А) Депозиттік операциялар

Салымдардың өсу қарқыны 2021 жылғы III тоқсанда бәсеңдегеніне қарамастан, 2021 жылғы IV тоқсанда қайтадан жеделдей бастады. Тоқсандық өсу қарқыны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 1,9 п. т. ұлғайып, 4,8% болды (бір жыл ішінде 22,7%-ға өсті). Өсімге негізгі үлесті ұлттық валютадағы депозиттер қосты.

Валюта нарығындағы құбылмалылыққа қарамастан, халықтың ұлттық валютадағы салымдары алдыңғы тоқсандағы 2,1%-бен салыстырғанда осы тоқсанда 7,1%-ға ұлғайды (бір жылда 30,9%-ға өсті) (32-график)

Корпоративтік сектордың теңгедегі салымдары есепті тоқсанда 3,2%-ға өсті (бір жыл ішінде 19,8% өсті).

32-график. Депозиттердің өсуіне құрамдас бөліктерінің қосқан үлесі, %-бен ж/ж




Дереккөзі: ҚР ҰБ, ҚДКҚ

Валюта нарығындағы жоғары белсенділік тоқсан ішінде валюталық салымдардың 4,2%-ға өсуіне ықпал етті. Егер корпоративтік сектордың валюталық салымдарының өсуі бірқалыпты болса (1,5%), онда халықтың валюталық салымдарының өсуі салыстырмалы түрде (7,5%-ға) көп болды.

Жалпы, депозиттік база 2021 жылы зейнетақының белгіленген шегін алу, Ұлттық Банк тарапынан базалық мөлшерлеменің артуы және ҚДКҚ тарапынан депозиттер бойынша тиісті кірістілікті арттыру аясында айтарлықтай өсімді көрсетті (33-график). Мысалы, 2021 жылы өсім 22,7% болды, бұл 2020 жылға қарағанда 6,6 п. т. жоғары.

33-график. Депозиттік портфельдің құрылымы, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Халықтың өз қаражатын қосымша салым көздеріне салуға қызығушылығының арту үрдісі жалғасты. ҚҚБ деректеріне сәйкес, 2021 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар ашқан брокерлік жеке шоттардың саны 218,3 мыңға дейін ұлғайды, оның ішінде 2021 жылы жаңа шоттар 87,8 мыңды құрайды. Бұл ретте депозиттер халықтың жинақ ақшасының неғұрлым танымал құралы болып қалады.

Б) Депозиттік мөлшерлемелер

Базалық мөлшерлеме артқаннан кейін 2021 жылғы шілдеден бастап корпоративтік сектордың теңгедегі


салымдары бойынша мөлшерлемелер біртіндеп өсуде. 1 айға дейінгі салымдар бойынша ең көп тарту үлесімен мөлшерлемелер 2021 жылғы III тоқсанда 7,2-7,4%-дан IV тоқсандағы 7,4-7,5%-ға дейін ұлғайды. 1 айдан 3 айға дейінгі салымдар бойынша орташа алынған мөлшерлемелер 7,5-7,6%-дан 7,9-8,4%-ға дейін (2020 жылғы IV тоқсанда 7,6-7,8%) ұлғайды. 3 айдан 1 жылға дейінгі салымдар бойынша 7,3-7,4%-дан 7,5%-ға дейін (2020 жылғы IV тоқсанда 7,4-7,5%) ұлғайды.

Бөлшек сегментте ең көп тарту үлесі бар (3 айдан 1 жылға дейін) мерзімді теңгедегі салымдардың ұлғайғаны байқалды. Мерзімі 3 айдан 1 жылға дейінгі қысқа мерзімді салымдар 2021 жылғы III тоқсандағы 8,3-8,6%-дан IV тоқсанда 8,4-8,8%-ға дейін (2020 жылғы IV тоқсанда 9,6-9,7%) ұлғайды. 1 жылдан 5 жылға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер 8,7-8,8%-дан 8,6-8,8%-ға дейін (2020 жылғы IV тоқсанда 9,7-10,1%) шамалы төмендеді.

В) Депозиттерді долларландыру

Сыртқы нарықтардағы құбылмалылық аясында шетел валютасына деген жоғары сұранысқа қарамастан, банк жүйесіндегі депозиттерді долларландырудың жалпы деңгейі төмендеді. Сөйтіп, корпоративтік сектордың валюталық салымдарының үлесі 2021 жылғы қыркүйектегі 38,0%-дан желтоқсандағы 37,6%-ға дейін төмендеді (34-график).

34-график. Депозиттерді долларландыру, %



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Халықтың салымдарын долларландыру деңгейі 2021 жылғы қыркүйектегі 34,3%-дан 2021 жылғы желтоқсан қорытындылары бойынша 34,4%-ға дейін (2020 жылғы желтоқсанда – 38,4%) 0,1 п.т. шамалы ұлғайды.

Нәтижесінде долларландырудың жалпы деңгейі 2021 жылғы қыркүйектегі 36,2%-дан 2021 жылғы желтоқсан қорытындысы бойынша 36,0%-ға дейін (2020 жылғы желтоқсанда – 37,3%) төмендеді.

Халықтың депозиттерін долларсыздандыру шағын және орта салымдар сегментінде жүреді. Шоттағы көлемі 10 млн теңгеге дейінгі депозиттерді долларландыру деңгейі 15,8%-ды, 50 млн теңгеге дейін – 20,2%-ды құрайды. Осы сегменттегі долларландырудың төмен деңгейі теңгедегі салымдар бойынша кепілдіктің жоғары деңгейіне негізделген. 2022 жылғы қаңтарда теңгедегі жинақ салымдары бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғары мөлшері 15 млн теңгеден 20 млн теңгеге дейін ұлғайды. Нәтижесінде кепілдіктердің ең жоғары сомасы жоғары табыстылық кезінде валюталық (5 млн теңге) сомамен салыстырғанда 10-20 млн теңгені құрайды.

Ірі салымдар сегментінде (50 млн теңгеден астам) долларлану деңгейі депозиттердің жалпы долларлану мөлшерінен іс жүзінде 2 есе артық.


VI. Кредит нарығы

Базалық мөлшерлеменің біртіндеп артуы аясында корпоративтік секторға ұлттық валютадағы кредиттердің құны тоқсан ішінде өсуді көрсетті. Іскерлік белсенділіктің өсуі аясында нақты секторға берілген кредиттер көлемі айтарлықтай өсуді көрсетті. Тұтынушылық кредиттеу өсудің басты драйвері болып қала береді, ипотекалық қарыздардың да өсуі жалғасуда.

А) Кредиттік мөлшерлемелер

2021 жылғы IV тоқсанда корпоративтік секторға ұлттық валютамен берілген кредиттердің құны базалық мөлшерлеменің артуы аясында өсті (35-график). Заңды тұлғаларға теңгемен берілетін кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2021 жылғы желтоқсанда 12,2%-ға дейін (2020 жылғы желтоқсанда – 11,4%) өсті.

35-график. Берілген кредиттер бойынша мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚР ҰБ

«Баспана Хит» бағдарламасының аяқталуына байланысты банктер нарықтық жағдайларда өздерінің ипотекалық кредит беру бағдарламаларына көбірек көңіл бөлуде. Нәтижесінде ЕДБ нарықтық бағдарламалары үлесінің кеңеюі нарықтық ипотекалық бағдарламалар құнының өсуіне алып келді. Ипотека бойынша орташа алынған мөлшерлеме желтоқсанда 2020 жылғы желтоқсандағы 7,5%-дан 8,6%-ға дейін өсті, тұтынушылық кредиттер бойынша мөлшерлеме 16,8%-дан 18,9%-ға дейін өсті.

Б) Жаңа кредиттер беру

Тоқсан ішінде берілген жаңа кредиттердің көлемі 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 1,5 есе артып, 6,6 трлн теңгені құрады (35-график). Жылдық мәнде 77,6%-ға ұлғайған халыққа берілген кредиттер өсімнің басты драйвері болып қала береді (36-кесте).


36-график. Берілген жаңа кредиттер



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Тұтынушылық мақсаттарға жаңа кредиттер беру бөлшек кредиттеудің өсуіне негізгі үлес қосты, ол өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 83,2%-ға өсті (37-график). Тұтынушылық кредиттеудің өсуіне тұтынушылық белсенділікті қалпына келтіру және кейінге қалдырылған сұранысты іске асыру ықпал етеді.

37-график. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер




Дереккөзі: ҚР ҰБ

Ипотекалық қарыздар да бөлшек кредиттеудің өсуіне оң үлес қосты.

Жылжымайтын мүлік бағасының одан әрі өсуін күту аясында ипотекаға жоғары сұраныс сақталуда. IV тоқсанда берілген ипотекалық қарыздардың көлемі 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,5 есе өсті.

Іскерлік белсенділіктің өсуі аясында 2021 жылғы соңғы тоқсанда **кәсіпорындарға** берілген кредиттер көлемі 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 29,1%-ға ұлғайды (38-график).

38-график. Бизнеске салалар бойынша берілген кредиттер




Дереккөзі: ҚР ҰБ

Көлік пен байланыстан (тиісінше 4,2%-ға және 19,9%-ға төмендеу) басқа барлық салаларда жаңа кредиттер берудің өсуі тіркелді. Өсудің басты драйвері сауда-саттық болып табылады, ол 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 24,8%-ға өсті. Өнеркәсіпте берілген кредиттердің өсуі 34,5%-ды құрады (38-кесте).

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жаңадан берілген кредиттердің өсуі 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 30,1%-ды құрады.

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын толықтыруға бағытталған (70,9%), ол 20,5%-ға ұлғайды. Объектілерді салуға және қайта жаңартуға кредиттер берудің 11,9%-ға, негізгі қорларды сатып алуға – 39,1%-ға өсуі байқалды (39-кесте).

39-график. Кредиттеу объектілері бойынша бизнеске берілген кредиттер




Дереккөзі: ҚР ҰБ

В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттік портфелі

2021 жылғы IV тоқсанда жаңа берілген және өтелген кредиттер арасындағы айырмашылық жеке және заңды тұлғаларды ұлттық валютамен нетто-кредиттеудің[1] өсуі есебінен оң қалыптасты (40-график).

40-график. Нетто-кредиттеу




Дереккөзі: ҚР ҰБ

[1] Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырмасы болып табылады

Жеке тұлғаларға ұлттық валютамен нетто-кредит берудің өсуі банктердің кредиттік портфелінің айтарлықтай өсуінен көрінеді (ЕДБ алдындағы берешек қалдығы).

41-график. ЕДБ кредиттік портфелінің өсу серпіні



Дереккөзі: ҚР ҰБ

Жиынтық кредит портфелінің көлемі (банктік кредиттер бойынша берешек қалдығы) 2021 жылдың соңына қарай жылдық мәнде 26,5%-ға ұлғайып, 18,5 трлн теңгені құрады (41-график). Ұлттық валютамен кредит беру портфельдің өсуіне негізгі үлес қосты. Кәсіпорындарға теңгемен кредит берудің үлесі артып келеді.